

Қазақстан Республикасының халқына онкологиялық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 12 қарашадағы № ҚР ДСМ-112 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 15 қарашада № 25167 болып тіркелді.

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 7-бабының 32) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының халқына онкологиялық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандарты бекітілсін.

2. Мынадай:

1) "Қазақстан Республикасының халқына онкологиялық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2013 жылғы 2 тамыздағы № 452 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8687 болып тіркелген);

2) "Қазақстан Республикасының халқына онкологиялық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2013 жылғы 2 тамыздағы № 452 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2018 жылғы 29 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-47 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18143 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық көмекті ұйымдастыру департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық ресми жариялағаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының халқына онкологиялық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандарты

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасының халқына онкологиялық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандарты (бұдан әрі – Стандарт) "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі (бұдан әрі – Кодекс) 7 – бабының 32) тармақшасына және 138-бабына сәйкес әзірленді және осы Стандартқа 1-қосымшаға сәйкес қатерлі ісіктері (бұдан әрі – ҚІ) бар Қазақстан Республикасының ересек халқына онкологиялық көмек көрсетуді ұйымдастыру процестеріне қойылатын талаптар мен қағидаларды белгілейді.

2. Осы Стандартта пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

1) бейінді маман – жоғары медициналық білімі бар, денсаулық сақтау саласында сертификаты бар медицина қызметкері;

2) верификацияланған диагноз – морфологиялық, зертханалық және аспаптық зерттеу әдістерімен расталған клиникалық диагноз;

3) динамикалық байқау – пациенттің денсаулық жағдайын жүйелі түрде байқау, сондай-ақ осы байқаудың нәтижелері бойынша қажетті медициналық көмек көрсету;

4) жоғары технологиялық медициналық көрсетілетін қызмет – диагностика мен емдеудің инновациялық, ресурс қажет ететін және (немесе) бірегей әдістерін пайдалануды талап ететін аурулар кезінде бейінді мамандар көрсететін қызмет;

5) клиникалық топ – онкологиялық аурулары бар пациенттерді динамикалық медициналық байқаудың сыныптау бірлігі;

6) клиникалық хаттама – белгілі бір ауру немесе пациенттің жай-күйі кезінде профилактика, диагностика, емдеу, медициналық оңалту және паллиативтік медициналық көмек жөніндегі ғылыми дәлелденген ұсынымдар;

7) қатерлі ісіктерді таргеттік терапия – канцерогенез және ісіктің өсуі үшін қажетті нақты мақсатты (таргеттік) молекулалардың әсер ету механизміне араласу арқылы қатерлі ісік жасушаларының өсуін бөгеумен сипатталатын химиотерапиялық емдеу әдісі;

8) қашықтықтан көрсетілетін медициналық қызметтер – аурулар мен жарақаттарды диагностикалау, емдеу, медициналық оңалту және олардың профилактикасы, медицина қызметкерлерінің өзара, жеке тұлғалармен және (немесе) олардың заңды өкілдерімен қашықтықтан өзара іс-қимылын қамтамасыз ететін цифрлық технологиялар арқылы

зерттеулер мен бағалау жүргізу, аталған адамдарды сәйкестендіру, сондай-ақ олар жасайтын іс-әрекеттерді құжаттау мақсатында медициналық қызметтер көрсету;

9) медициналық ұйым – негізгі қызметі медициналық көмек көрсету болып табылатын денсаулық сақтау ұйымы;

10) мультидисциплинарлық топ (бұдан әрі – МДТ) – пациент ағзасының функциялары мен құрылымдарының бұзылу сипатына, оның клиникалық жай-күйінің ауырлығына қарай қалыптасатын әртүрлі мамандар тобы;

11) онкологиялық көмек – ісіктердің профилактикасына, оларды ерте анықтауға, онкологиялық пациенттердің денсаулығын сақтауға және қалпына келтіруге бағытталған медициналық қызметтер кешені;

12) патоморфологиялық референс – орталық-гистологиялық материалдарға референттік – сараптамалық зерттеулер, барлық оқшаулау ісіктеріне иммуногистохимиялық зерттеулер (бұдан әрі – ИГХ зерттеулер) жүргізетін патоморфология зертханасы, ҚІ диагнозын верификациялау және емдеу тактикасын айқындау үшін адам ісіктерін зерттеудің молекулалық әдістері;

13) радионуклидтік диагностика – радионуклидтермен, радиофармацевтикалық дәрілік препараттармен таңбаланған радиоактивті изотоптарды немесе қосылыстарды пайдалануға негізделген сәулелік зерттеу;

14) радионуклидтік терапия – зат алмасудың көмегімен зақымданған органға немесе тінге ауыстырылатын радиофармацевтикалық дәрілік препаратты енгізу, емдеу әсері препараттың жергілікті радиоактивтік сәулеленуіне негізделеді;

15) радиофармацевтикалық дәрілік препарат – әсер етуші зат ретінде немесе әсер етуші зат құрамында қолдануға дайын күйінде бір немесе бірнеше радионуклидтер (радиоактивті изотоптар) бар дәрілік препарат;

16) сәулелік терапия (радиотерапия) – бағытталған және арнайы мөлшерленген иондаушы сәулелену жолымен ісіктерді және кейбір ісік емес ауруларды емдеу әдісі;

17) скринингтік қарап-тексеру зерттеулер – әртүрлі аурулардың ерте сатысында дамуын, сондай-ақ олардың пайда болу қаупі факторларын анықтау және олардың алдын алу мақсатында клиникалық симптомдары мен шағымдары жоқ халықты медициналық тексеру кешені;

18) ісікке қарсы иммунотерапия – ағзаны атипті жасушалардың зиянды әсерінен қорғаудың табиғи тетіктерін ынталандыратын және түрлендіретін препараттардың көмегімен онкологиялық ауруларды емдеу тәсілі;

19) ісікке қарсы препараттармен емдеу – пролиферацияны тежейтін немесе ісік жасушаларын қалпына келтірмейтін дәрілерді қолдану;

20) ядролық медицина – онкологиялық ауруларды қоса алғанда, адам ағзалары мен жүйелерінің әртүрлі ауруларының профилактикасы, диагностикасы және оларды емдеу мақсатында радиоактивті элементтер мен иондаушы сәулелену қолданылатын медицина саласы.

3. Онкологиялық көмек көрсететін ұйымдар өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, кодексті, салалық нормативтік құқықтық актілерді, осы Стандартты басшылыққа алады және өз жұмысын Медициналық қызметке мемлекеттік лицензия негізінде жүзеге асырады.

4. Онкологиялық көмекті қоғамдық ұйымдармен (бұдан әрі – онкологиялық ұйым) өзара іс-қимыл жасай отырып, медициналық ұйымды таңдау құқығын ескере отырып, тұрғылықты және (немесе) тіркелген жері бойынша халыққа онкологиялық медициналық көмектің аумақтық қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, "Онкология"-ның кіші түрі бойынша Медициналық қызметке лицензиясы бар медициналық ұйымдар көрсетеді.

Өңірлердегі онкологиялық көмекті облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың денсаулық сақтауды басқарудың жергілікті мемлекеттік органдарының шешімімен айқындалатын медициналық ұйым үйлестіреді.

5. Онкологиялық көмекті "Онкология", "Радиациялық онкология", "Химиотерапиялық онкология", "Радиология", "Ядролық медицина" мамандықтары және "Маммология", "Онкологиялық хирургия" мамандықтары бойынша денсаулық сақтау саласындағы маман сертификаты бар дәрігерлер көрсетеді.

6. Халыққа онкологиялық көмек тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі (бұдан әрі – ТМККК) шеңберінде көрсетіледі және Кодекстің 196-бабымен реттеледі.

7. Профилактикалық скринингтік зерттеп-қараулар жүргізу кезінде және ҚІ-ке күдік болған кезде диагностикалық зерттеулер ТМККК шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (бұдан әрі – МӘМС) жүйесінде жүргізіледі, қызметтер көрсету Кодекстің 196 және 200-баптарымен реттеледі.

8. Тіркелген ҚІ бар пациенттерді дәрілік заттармен және медициналық бұйымдармен қамтамасыз ету "Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде дәрілік заттармен және медициналық бұйымдармен қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 20 тамыздағы № ҚР ДСМ-89 бұйрығына сәйкес ТМККК шеңберінде жүзеге асырылады, сондай-ақ "Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарға қажеттілікті қалыптастыру қағидалары мен әдістемесін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 24069 болып тіркелген) бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады. ҚІ бар пациенттерді амбулаториялық деңгейде дәрілік заттармен және медициналық бұйымдармен қамтамасыз ету "Белгілі бір аурулары (жай – күйлері) бар Қазақстан Республикасы азаматтарының жекелеген санаттарын тегін және (немесе) жеңілдікпен

амбулаториялық қамтамасыз етуге арналған дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-75 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23885 болып тіркелген) сәйкес жүзеге асырылады. Өңірлердегі онкологиялық көмектің үйлестірушілеріне республикалық үйлестірушімен келісілетін амбулаториялық деңгейде дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарға арналған өтінімдерді талдау және жасау бекітіледі.

9. Пациенттердің онкологиялық көмектен бас тартуы Кодекстің 137-бабында көзделген жағдайларды қоспағанда, Кодекстің 136-бабында регламенттелген. Кодекстің 137-бабының 1-тармағына сәйкес пациенттің келісімінсіз онкологиялық көмек көрсетуге жол беріледі.

10. ҚІ бар пациенттерге онкологиялық көмек бастапқы, екінші және үшінші деңгейлерде жоспарлы медициналық көмек нысанында мамандандырылған, оның ішінде жоғары технологиялық, медициналық көмек, медициналық оңалту, амбулаториялық, стационарлық, стационарды алмастыратын жағдайларда паллиативтік медициналық көмек түрінде, сондай-ақ үйде және санаторий-курорттық ұйымдарда жүзеге асырылады. Бастапқы және қайталама деңгейлерде онкологиялық көмек көрсетуде сабақтастық пен кешенділіктің сақталуына Мониторинг өңірлердегі онкологиялық көмек үйлестірушілеріне жүктеледі. Онкологиялық көмек клиникалық хаттамаларға сәйкес, ал олар болмаған жағдайда дәлелдемелер қағидаттарын ескере отырып, онкология саласындағы ғылым мен практиканың қазіргі заманғы жетістіктеріне сәйкес көрсетіледі.

11. Онкологиялық көмек клиникалық хаттамаларға сәйкес, ал олар болмаған жағдайда дәлелдемелер қағидаттарын ескере отырып, онкология саласындағы ғылым мен практиканың қазіргі заманғы жетістіктеріне сәйкес көрсетіледі.

12. ҚІ бар пациенттерге медициналық көмек көрсетуге жеке көзқарасты қамтамасыз ету үшін онкологиялық ұйымдарда бастапқы, екінші, үшінші деңгейлерде МДТ құрылады.

13. МДТ басшыдан ("Денсаулық сақтау менеджері" дәрігері немесе "Онкология" мамандығы бойынша дәрігер), "Онкология", "Балалар онкологиясы және гематологиясы", "Радиациялық онкология", "Химиотерапиялық онкология", "Радиология", "Ядролық медицина", "Маммология", "Онкологиялық хирургия", "Негізгі мамандық бейіні бойынша Ультрадыбыстық диагностика", "Негізгі мамандық бейіні бойынша Эндоскопия", "Патологиялық анатомия", "Цитопатология", "Хоспис және паллиативтік көмек" мамандықтары бойынша дәрігерлерден тұрады. Күрделі клиникалық жағдайларда тиісті мамандықтар мен мамандандырулардың басқа да бейінді мамандары, сондай-ақ психологиялық-әлеуметтік бейіндегі мамандар тартылады.

14. МДТ жұмысы онкологиялық көмек көрсетудің кешенділігі, сабақтастығы қағидаттарына негізделеді. МДТ медициналық көмек көрсету деңгейі шегінде шешім қабылдайды. Бастапқы деңгейде МДТ функциялары медициналық-санитариялық алғашқы көмек (бұдан әрі-МСАК) және клиникалық – диагностикалық көмек (бұдан әрі-КДК) медициналық ұйымдарының бекітілген дәрігерлік – консультациялық комиссияларына жүктеледі. Екінші және үшінші деңгейлерде МДТ онкологиялық көмек көрсететін әр ұйымның мамандарынан құрылады. Пікірлер алшақтаған жағдайда , шешім алдыңғы шешімдерді ескере отырып, ашық дауыс беру арқылы қабылданады. Үшінші деңгейдегі ұйымдардың МДТ шешімі емдеу тәсілін, әдісін таңдау туралы және даулы жағдайларда басымдық болып табылады. МДТ шешімі осы Стандартқа 2-қосымшаға сәйкес МДТ қорытындысы түрінде ресімделеді.

15. МДТ-ның негізгі міндеттері:

Бастапқы деңгейде

1) диагностиканың, динамикалық бақылаудың әдістерін алқалық таңдау, ҚІ бар пациенттерді психологиялық түзету;

2) клиникалық топтарға байланысты пациенттерді динамикалық медициналық бақылаудан алу және қою.

Екінші деңгейде:

1) емдеу тәсілін анықтау;

2) амбулаториялық, стационарлық және стационарды алмастыратын жағдайларда ҚІ бар пациенттерді емдеу тиімділігінің мониторингі;

3) үшінші деңгейде медициналық қызмет алуға жолдама (республикалық ұйымдар);

4) клиникалық топтарға байланысты ҚІ бар пациенттерді динамикалық медициналық бақылаудан алу және қою мониторингі;

Үшінші деңгейде (республикалық ұйымдар):

1) бастапқы және қайталама деңгейлерде амбулаториялық, стационарлық және стационарды алмастыратын жағдайларда ҚІ бар пациенттерді емдеу тиімділігін бағалау ;

2) дербестендірілген тәсілді және алдыңғы емдеуді ескере отырып, терапияның жаңа әдістері бойынша ұсынымдар әзірлеу болып табылады.

16. МДТ отырысында қаралатын пациенттер:

1) верификацияланған ҚІ диагнозы бар барлық бастапқы пациенттер; жоспарлы жедел емдеуден кейін ҚІ диагнозы қойылған жағдайда, алынған гистологиялық қорытынды нәтижелері бойынша бөлімшеде МДТ отырысы өткізіледі;

2) диагностикасы қиын ҚІ күдікті пациенттер;

3) ҚІ қайталануы бар пациенттер;

4) емдеу процесінде қосымша деректер алған кезде туындаған асқынуларға, қарсы көрсетілімдерге, процестің өршуіне байланысты емдеу тәсілін өзгертуді қажет ететін пациенттер;

5) асқыну, өршу, қарсы көрсетілімдердің болуы, пациенттің бас тартуы себебі бойынша МДТ-ның алдыңғы отырысының ұсынымдарын орындау мүмкін болмаған жағдайдағы пациенттер;

6) уәкілетті органның қарауындағы, онкологиялық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарында (бұдан әрі – республикалық ұйым) және шетелде емделуге жолдаманы қажет ететін пациенттер;

7) таргеттік және иммунопрепараттарға мұқтаж пациенттер жіберіледі.

17. МДТ шешімін барлық деңгейлерде онкологиялық көмек көрсететін ұйымдар жүзеге асырады. Өңірлердегі онкологиялық көмекті үйлестіретін ұйымға медициналық ұйымдардың МДТ барлық комиссияларының жұмысына талдау бекітіледі.

18. МДТ қорытындысы медициналық ақпараттық жүйеге (бұдан әрі – МАЖ) " Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы " Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген) бекітілген (бұдан әрі – № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрық) № 052/е нысаны бойынша науқастың амбулаториялық медициналық картасына (бұдан әрі – науқастың амбулаториялық медициналық картасы) және № 001/е нысаны бойынша науқастың стационарлық медициналық картасына (бұдан әрі – науқастың стационарлық медициналық картасы) және кейіннен МДТ отырыстар журналына жазбаны автоматты түрде қалыптастыру арқылы енгізіледі.

19. Пациенттерді екінші немесе үшінші деңгейлерде онкологиялық көмек көрсететін ұйымға емдеуге жіберген жағдайда, МАЖ-да МДТ отырысының хаттамасынан қабылданған шешімі бар үзінді қалыптастырылады, ол келісуге жіберу ұйымына түседі.

2-тарау. Онкологиялық көмек көрсететін ұйымдардың құрылымы

20. Бастапқы деңгейде онкологиялық көмекті МСАК және КДК медициналық ұйымдары жүзеге асырады.

21. Онкологиялық көмек көрсететін ұйымдарда екінші және үшінші деңгейлерде құрылымдық бөлімшелер ұйымдастырылады:

- 1) динамикалық бақылау бөлімшесі бар клиникалық-диагностикалық бөлімше;
- 2) сәулелік терапия бөлімшесі (радиологиялық бөлімше);
- 3) химиотерапия бөлімшесі;
- 4) ісіктер хирургиясы бөлімшесі.

Қосымша мынадай бөлімшелер ұйымдастырылады:

- 1) ядролық медицина бөлімшесі (орталығы): радионуклидтік диагностика бөлімшесі , Радионуклидтік терапия бөлімшесі;
- 2) жоғары мамандандырылған бөлімшелер мен орталықтар;

- 3) онкологиялық науқастарды қалпына келтіру емі және оңалту бөлімшесі (кабинеті) ;
- 4) паллиативтік медициналық көмек және қолдаушы терапия бөлімшесі (орталығы).

3 -тарау. Онкологиялық көмек көрсететін ұйымдар қызметінің негізгі міндеттері мен бағыттары

22. Онкологиялық көмек көрсететін ұйымдар бастапқы, қайталама және үшінші деңгейлерде ҚІ бар пациенттерді профилактикалауға, диагностикалауға, емдеуге, паллиативтік көмекке және медициналық оңалтуға бағытталған іс-шараларды уақтылы жүргізу мақсатында құрылады.

23. Онкологиялық көмек көрсететін ұйымдар қызметінің негізгі міндеттері мен бағыттары Кодекстің 7-бабының 70) тармақшасына сәйкес уәкілетті орган бекіткен Қазақстан Республикасының халқына онкологиялық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарының қызметі туралы ережеде айқындалған.

24. Онкологиялық көмек көрсететін ұйымдар халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы қолданыстағы нормативтік құқықтық актілер негізінде эпидемияға қарсы жұмыс режимін сақтай отырып, медициналық көмек көрсетуді қамтамасыз етеді.

4 -тарау. Онкологиялық көмек көрсету тәртібі

1-параграф. Амбулатория жағдайында онкологиялық көмек көрсету тәртібі

25. Амбулаториялық жағдайларда онкологиялық көмекті меншік нысанына және ведомстволық тиесілігіне қарамастан, екінші және үшінші деңгейлерде онкологиялық көмек көрсететін ұйымдардың динамикалық байқау бөлімшесімен МСАК және КДК (бастапқы деңгей) көрсететін денсаулық сақтау ұйымдары, клиникалық-диагностикалық бөлімше көрсетеді.

26. МСАК мамандары мыналарды ұйымдастыруды қамтамасыз етуі қажет:

1) Онкологиялық сақтық мәселелері бойынша тіркелген халық арасында ақпараттық түсіндіру жұмысын қоса алғанда, обыралды және онкологиялық аурулардың профилактикасы және ерте анықтау жөніндегі іс-шаралар кешені;

2) "Скринингтік зерттеулерге жататын адамдардың нысаналы топтарын, сондай-ақ осы зерттеулерді жүргізу қағидаларын, көлемін және кезеңділігін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-174/2020 бұйрығына сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21572 болып тіркелген), ҚІ мен мінез-құлық факторларын ерте анықтау үшін ересек халықтың нысаналы топтарын скринингтік зерттеу;

3) обыр алды және онкологиялық ауруларды ерте анықтау мақсатында қарау, дәрігерге дейінгі кабинеттерде пациенттен сұрау және қарап-тексеру жүргізу;

4) ҚІ күдікті және үдерістің өршуі кезінде пациенттің жай-күйін анықтау және онколог, маммолог, бейінді мамандарға жіберу мақсатында жалпы практика дәрігерінің (бұдан әрі – ЖПД) қарап, осы Стандартқа 3 – қосымшаға сәйкес пациенттің жай-күйін айқындау және ҚІ-ға күдік болған және қатерлі ісікке күдік туындаған және (немесе) онкологиялық процесс өршіген кезде пациентті қарап-тексеру тәртібіне сәйкес процесс үдеген кезде онкологқа, маммологқа, бейінді мамандарға жіберу мақсатында жалпы практика дәрігерін (бұдан әрі-ЖПД) қарап-тексеру;

5) бейінді мамандарды тарта отырып, оларды кейіннен сауықтыру үшін онкологиялық аурулардың даму қаупі бар адамдар тобын қалыптастыру, мінез-құлықтық қауіп факторларының мониторингі және анықталған ҚІ қауіп факторларын төмендету дағдыларына оқыту осы Стандартқа 4-қосымшаға сәйкес бастапқы медициналық-санитариялық көмек және консультациялық-диагностикалық көмек медициналық ұйымдарында жоғары онкологиялық қатер топтарын байқау тәртібіне сәйкес жүзеге асырылады;

6) "Жылжымалы медициналық кешендер мен медициналық поездар арқылы медициналық көмек көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2020 жылғы 8 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-241/2020 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21745 болып тіркелген) сәйкес ЖПД, онколог, бейінді мамандар құрамында ЖПД диагностикасының деңгейін арттыру мақсатында жергілікті жерлерге мобильдік топтардың шығуы;

7) клиникалық топқа байланысты онкологиялық, созылмалы және ісік алды аурулары бар пациенттерді динамикалық бақылау;

8) клиникалық хаттамаларға сәйкес ҚІ бар пациенттерге паллиативтік медициналық көмек және медициналық оңалту.

27. КДҚ қамтиды:

1) науқастың жағдайын анықтау және диагноз қою үшін медициналық тексеру;

2) диагнозды верификациялау мақсатында ҚІ күдікті адамдарды жете тексеру;

3) пациентті зертханалық және аспаптық тексеру; мамандандырылған медициналық көмекті, оның ішінде жоғары технологиялық медициналық қызметтерді алу үшін онкологиялық пациенттерді іріктеу және емдеуге жатқызуға жіберу;

4) МДТ ұсынымдарын ескере отырып, пациентті жүргізу және емдеу;

5) Амбулаториялық ісікке қарсы терапия жүргізу.

28. КДҚ онколог дәрігерлер, маммологтар және бейінді мамандармен көрсетіледі.

29. Штатта онколог-дәрігер болмаған кезде МСАК немесе КДҚ көрсететін ұйымның онкосақтық және ҚІ ерте диагностикасы бойынша біліктілікті арттыру

курстарынан өткен медицина қызметкерлерінің қатарынан онкологиялық көмек көрсетуді үйлестіруші (бұдан әрі – ОККУ) тағайындалады.

30. Ісік ауруына күдік болған немесе анықталған жағдайда ЖПД пациентті онкологқа немесе ОККУ-ға жібереді.

31. Онколог немесе ОККУ ЖПД жолдаманы берген сәттен бастап жеті жұмыс күні ішінде қарап-тексеруді және қажетті зерттеулерді жүргізеді, олардың нәтижелері бойынша диагнозды растау және қадағалап-қарау мен емдеудің кейінгі тәсілін айқындау үшін пациентті онкологиялық көмек көрсететін ұйымға жібереді.

32. Онколог-дәрігер ҚІ алдын ала диагнозын қойған немесе аурудың қайталануына күдіктенген сәттен бастап цитологиялық, гистологиялық материал (биопсиялық, операциялық материал) алуды, консервациялауды, таңбалауды және материалды морфологиялық зерттеуге жіберуді ұйымдастырады, сондай-ақ диагнозды, онкологиялық процестің таралуын белгілеу және аурудың сатысын, аурудың қайталануын айқындау үшін қажетті диагностикалық зерттеулерге жібереді.

33. Пациенттерді емдеуді даралау мақсатында ісіктердің молекулярлық-биологиялық ерекшеліктерін анықтау, сондай-ақ ҚІ диагнозын растау (верификациялау) үшін ИГХ және молекулярлық-генетикалық зерттеулер жүргізіледі. ХГҚ зерттеулер онкологиялық көмек көрсететін ұйымдардың патоморфологиялық зертханалары, Екінші деңгейдегі және үшінші деңгейдегі референс-орталықтары деңгейінде жүргізіледі және клиникалық хаттамаларға сәйкес жүзеге асырылады.

34. ИГХ зерттеулерге арналған материалдың бағытына (парафинді блоктар және микропрепараттар) амбулаториялық немесе стационарлық пациенттің медициналық картасынан үзінді көшірме, МДТ қорытындысы, гистологиялық қорытынды қоса беріледі. ИГХ зерттеулерге арналған материалдарды жеткізуді пошта, курьерлік қызмет, пациенттің жеке өзі және (немесе) оның туыстары жүзеге асырады.

35. ИГХ зерттеулер жүргізу мерзімдері материал алынған күннен бастап он төрт жұмыс күнінен аспайды. Зерттеудің ИГХ қорытындысы зерттеудің күнін, нөмірін, орындаушының тегін көрсете отырып, МАЖ-ға енгізіледі және материалды зерттеуге жіберген ұйымға ақпараттық өзара іс-қимыл арқылы немесе пошта арқылы беріледі.

36. Референс-орталық телемедициналық консультация беру (қашықтықтан медициналық қызмет көрсету) мүмкіндіктерін пайдалана отырып, күрделі диагностикалық жағдайларға консультация беруді, ИГХ зерттеуді сараптауды жүзеге асырады. Патоморфологиялық зертханаларда жүргізілетін зерттеулердің ИГХ сараптамасын референс-орталықтар жылына кемінде бір рет жүзеге асырады.

37. Парафинді блоктарды, шыны препараттарды және қорытындыларды патоморфологиялық зертханалардың мұрағатында сақтау он бес жыл ішінде, референс-орталықтардың мұрағатында – жиырма бес жыл ішінде жүзеге асырылады.

38. Күрделі клиникалық жағдайларда диагнозды нақтылау үшін телепатология жүйесі арқылы ісіктердің биоәртүрлеріне халықаралық телеконсультациялар жүргізіледі. Телеконсультация өткізу мерзімі отыз жұмыс күнінен аспайды.

39. Пациенттерді ядролық медицина әдістерін қолдана отырып зерттеп-қарау ядролық медицина орталықтарының диагностикалық бөлімшелерінде жүзеге асырылады.

40. Амбулаториялық жағдайларда ҚІ бар деген күдігі бар пациенттерді тексерудің барлық кезеңі МАЖ-да келесі мерзімдері шеңберінде онкосақтық маркерлерін көрсете отырып жүргізіледі:

1) қарау кабинетінің маманы ісік ауруына күдік болған немесе анықталған кезде "Онкосақтық 1" маркерін қояды, пациентті үш жұмыс күні ішінде ЖПД-ға жібереді;

2) ЖПД бейінді маманмен бірлесіп толық тексеру жүргізеді және пациентті онкологқа немесе ООКҮ "Онкосақтық 2" маркерін орната отырып, бес жұмыс күні ішінде жібереді;

3) онколог немесе ОККУ ЖПД жолдаманы берген сәттен бастап он жұмыс күні ішінде қарап-тексеруді және қажетті зерттеулерді жүргізеді, олардың нәтижелері бойынша пациентті диагнозды растау және белгілеу, "Онкосақтық 3" маркерін орната отырып, жүргізу мен емдеудің кейінгі тәсілін айқындау үшін онкологиялық көмек көрсететін ұйымға жібереді;

4) мамандардың консультациялары және амбулаториялық жағдайларда ҚІ күдікті пациенттерді тексеру "жасыл" дәліз бойынша – жалпы кезектілік пен шектеулерден тыс, он сегіз жұмыс күні ішінде жүргізіледі;

5) Екінші деңгейдегі ұйымның онколог дәрігері түпкілікті диагнозды, процестің таралуын растау және белгілеу үшін қажетті диагностикалық зерттеулер жүргізеді;

6) диагнозды верификациялау мақсатында клиникалық Ia топтың пациенттерін тереңдетіп тексеру онкологиялық көмек көрсететін ұйымға жүгінген кезден бастап он бес жұмыс күні ішінде, емдеу тәсілін нақтылау және терапияны дербестендіру мақсатында - отыз жұмыс күні ішінде жүргізіледі;

7) осы стандартқа 5-қосымшаға сәйкес бастапқы онкологиялық пациенттің барлық бағыты, онкосақтық маркерлеріне сәйкес тексеру мерзімдері қайталама деңгейде онкологиялық көмек көрсететін ұйымның ахуалдық орталығында мониторинг жүргізіледі.

41. Қайталама деңгейде толық тексеру жүргізілгеннен кейін ҚІ бар немесе жоқ екендігі туралы түпкілікті бекіту мүмкін болмаған кезде пациент үшінші деңгейдегі ұйымда консультацияға жіберіледі.

42. ҚІ бар пациентті мамандандырылған емдеу диагноз қойылған және динамикалық бақылауға алынған сәттен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірілмей басталады.

43. ҚІ-ға күдікті және ҚІ диагнозымен расталған пациенттер клиникалық топтар бойынша динамикалық бақылауға жатады:

- 1) Ia тобы – ҚІ күдікті ауруы бар пациенттер;
- 2) Ib тобы – ісік алды аурулары бар пациенттер;
- 3) II топ – арнайы емдеуге жататын ҚІ бар пациенттер (хирургиялық емдеу, химиотерапия, сәулелік терапия, иммундық жасушалық терапия);
- 4) IIa тобы – түбегейлі емдеуге жататын ҚІ ерте нысандары бар пациенттер;
- 5) III топ – қатерлі ісікті радикалды емдеуден кейінгі пациенттер (іс жүзінде сау адамдар);
- 6) IV топ – паллиативтік немесе симптоматикалық емдеуге жататын ҚІ таралған нысандары бар пациенттер.

44. Ia клиникалық тобындағы пациентті тереңдетіп тексеру нәтижелері бойынша бастапқы деңгейдегі дәрігерлер ҚІ-ға күдікті алып тастайды немесе тиісті клиникалық топтарға ауыстырады:

- 1) ісік алды ауруы анықталған кезде пациентті Ib клиникалық топқа ауыстырады;
- 2) ҚІ диагнозын растау (верификациялау) кезінде пациентті II клиникалық топ бойынша динамикалық бақылауға алады;
- 3) арнайы емдеуге келмейтін ҚІ дамыған нысандары бар пациенттер IV клиникалық топқа ауыстырылады.

45. Клиникалық топтың Ib пациенттері осы Стандартқа 4-қосымшаға сәйкес медициналық-санитариялық алғашқы көмек және консультациялық-диагностикалық көмек көрсету медициналық ұйымдарында жоғары онкологиялық қауіп топтарын бақылау тәртібіне сәйкес жүзеге асырылатын, бекітілген жері бойынша амбулаториялық жағдайларда медициналық көмек көрсететін ұйымдарда МСАК және ҚДК мамандарының динамикалық бақылауына және сауықтыруына жатады.

46. II клиникалық топта аурудың сатысына қарамастан арнайы емдеу көрсетілген ҚІ бар барлық бастапқы пациенттер, оның ішінде арнайы емдеуге көрсетілімдер болған кезде ҚІ 4 сатысы бар пациенттер байқалады.

47. II клиникалық топтан III топқа ауыстыру түбегейлі емдеудің диагностикалық расталған нәтижелерін алған кезде арнайы емдеудің толық курсы аяқталғаннан кейін, сондай-ақ ҚІ үдеуі мен қайталануы болмаған кезде жүзеге асырылады.

48. III клиникалық топтағы пациенттерді медициналық динамикалық бақылау жүзеге асырылады:

- 1) аурудың бірінші жылында – үш айда бір рет;
- 2) аурудың екінші жылында – алты айда бір рет;
- 3) үшінші жылдан бастап – жылына бір рет.

49. Екінші деңгейдегі мамандардың II клиникалық топты динамикалық бақылауы мерзімді клиникалық хаттамаларға сәйкес кемінде үш айда бір рет жүргізіледі.

50. III клиникалық топтағы пациенттер ІҚ өршуі және қайталануы кезінде II клиникалық топқа ауыстырылады.

51. IV клиникалық топқа паллиативтік немесе симптоматикалық емдеуге жататын арнайы ем жүргізуге мүмкіндік бермейтін қатарлас патологиясы бар, ҚІ-нің асқынған нысандары бар пациенттер жатады.

52. II клиникалық топтан IV-ге ауыстыру емдеу аясында аурудың өршуі кезінде жүзеге асырылады.

53. III клиникалық топтан IV-ге ауыстыру арнайы ем жүргізуге мүмкіндік бермейтін динамикалық бақылау және жай-күйі нашарлаған уақытта аурудың өршуі кезінде жүзеге асырылады.

54. Паллиативтік және симптоматикалық ем алуды қажет ететін IV клиникалық топтың пациенттері тіркелген жері бойынша МСАК ұйымында байқалады. IV клиникалық топтағы пациенттер онкологиялық есептен шығарылмайды.

55. ҚІ бар пациенттер бекітілген жері бойынша амбулаториялық жағдайларда медициналық көмек көрсететін ұйымда және тұрғылықты және бекітілген жері бойынша екінші деңгейде онкологиялық көмек көрсететін ұйымдарда (II, III клиникалық топ) өмір бойы медициналық динамикалық байқауға жатады.

Ескерту. 55-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 01.10.2025 № 103 (01.10.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

56. Тұрғылықты жері өзгерген және ел, өңір шегінде бекіту ұйымы ауысқан кезде пациент динамикалық бақылаудан алынбайды, ал бастапқы және қайталама деңгейдегі ұйымдарға құжаттарды жібере отырып, оны жаңа тіркелген немесе тұратын жері бойынша орналастыру жүргізіледі.

57. ҚІ бар пациент мынадай жағдайларда есептен шығарылады:

1) оған амбулаториялық пациенттің медициналық картасынан толық үзінді көшірме бере отырып, басқа елге көшкен кезде;

2) "Тері базалиомасы", "Трофобластикалық ауру" диагнозымен онкологиялық көмек көрсететін ұйымда емделгеннен кейін рецидивтер болмаған кезде бес жылдан астам бақылаулар жүргізу;

3) қайтыс болу туралы медициналық куәлік негізінде қайтыс болған жағдайларда тоқтатылады.

58. Бастапқы медициналық құжаттаманы жүргізу және есептерді ұсыну қызметтің ерекшелігін ескере отырып, № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген нысандар бойынша және тәртіппен жүзеге асырылады.

59. ҚІ диагнозы анықталған кезде әрбір пациентке алғаш рет № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген № 034/е нысаны бойынша хабарлама толтырылады, ол үш жұмыс күні ішінде онкологиялық науқастардың электрондық тіркелімінде (бұдан әрі – ОНЭТ) тіркеу және есепке алу үшін пациенттің тұрақты тұратын жері бойынша онкологиялық орталыққа немесе диспансерге жіберіледі. (пациенттің МСАК

медициналық ұйымына өз бетінше жүгінуі, КДК – бастапқы деңгей, пациенттің екінші және үшінші деңгейлерде онкологиялық көмек көрсететін ұйымға өз бетінше жүгінуі, скринингтік тексеру жүргізу кезінде диагноз, профилактикалық тексеру жүргізу кезінде диагноз белгіленген).

60. ОНЭТ-ке тіркеуді, сондай-ақ ҚІ бар пациентті қайта тіркеуді және есептен шығаруды онкологиялық орталықтың немесе электрондық цифрлық қолтаңбасы бар диспансердің жауапты адамы жүзеге асырады.

61. ОНЭТ-ке өзгерістер енгізу № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген нысандар негізінде жүзеге асырылады: № 034/е "Хабарлама" нысаны, № 052/е "Науқастың амбулаториялық медициналық картасы" нысанына 5 "Пациентті динамикалық (диспансерлік) бақылау" қосымша парағы және № 012/е "Науқастың стационардан шыққан статистикалық картасы" нысаны (тәулік бойы, күндізгі).

62. Есептен шығарылған ҚІ бар амбулаториялық пациенттің медициналық картасы онкологиялық көмек көрсететін ұйымның мұрағатында электрондық немесе қағаз нұсқада жиырма бес жыл сақталады.

63. Өмірінде алғаш рет аурудың IV сатысындағы ҚІ диагнозы қойылған және III сатысындағы көзбен шолып қолжетімді локализациялары бар әрбір пациентке осы Стандартқа 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша пациентте қатерлі ісіктің асқынған нысаны (IV клиникалық тобы) анықталған жағдайда хаттама толтырылады.

64. Анықталған асқынған ҚІ бар пациент тіркелген МСАК ұйымында барлық анықталған асқынған жағдайларды міндетті түрде талдау жүргізіледі. Іске қосылған жағдайды талдау материалдары ҚІ-ның іске қосылған жағдайы туралы хаттаманы алған сәттен бастап он жұмыс күні ішінде өңірдегі онкологиялық көмекті үйлестіретін ұйымға жіберіледі. Асқынған жағдайларды талдау бойынша ақпаратты ай сайын өңірдегі онкологиялық көмекті үйлестіруші ұйым денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органға бас маманға (штаттан тыс онкологқа) ұсынады.

65. Өмірінде алғаш рет белгіленген диагнозы бар әрбір пациентке № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрықпен бекітілген нысан бойынша, оның ішінде МАЖ арқылы амбулаториялық пациенттің "Пациентті динамикалық (диспансерлік) бақылау" медициналық картасына 5-қосымша парақ толтырылады.

66. МСАК мамандары ҚІ бар пациенттерді клиникалық топтарға және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 23 қазандағы № ҚР ДСМ-149/2020 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21513 болып тіркелген) созылмалы аурулары бар адамдарға медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру қағидаларына, байқау мерзімділігі мен мерзімділігіне, диагностикалық зерттеулердің міндетті минимумы мен еселігіне сәйкес динамикалық бақылауды жүзеге асырады.

67. Көрсетілімдер болған кезде денсаулық сақтау саласындағы әлеуметтік қызметкерлер, психологтар және МСАК ұйымдарының саламатты өмір салты кабинеттерінің мамандары тартылады.

2-параграф. Стационар жағдайында онкологиялық көмек көрсету тәртібі

68. ҚІ бар пациенттерге стационарлық жағдайларда онкологиялық көмекті екінші және үшінші деңгейлерде онкологиялық ұйымдар көрсетеді.

69. Стационарлық жағдайларда ҚІ бар пациенттерге мамандандырылған медициналық көмек, оның ішінде жоғары технологиялық медициналық қызметтерді қолдана отырып: хирургиялық емдеу, ісікке қарсы препараттармен емдеу, сәулелік және радионуклидтік терапия, иммундық терапия, психологиялық және әлеуметтік көмек, қалпына келтіру емі және медициналық оңалту, паллиативтік медициналық көмек көрсетіледі.

70. Мамандандырылған, оның ішінде жоғары технологиялық медициналық көмек "Мамандандырылған, оның ішінде жоғары технологиялық медициналық көмек көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 8 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-238/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21746 болып тіркелген) сәйкес көрсетіледі.

71. Емдеу әдісі мен тісілін МДТ анықтайды. Стационарлық жағдайда онкологиялық көмек көрсететін ұйымда МДТ отырыстары көрсетілімдер бойынша өткізіледі.

72. Дәрілік заттарды ұтымды пайдалануды және ісікке қарсы препараттардың уытты әсерінен медицина персоналының қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін ісікке қарсы препараттар және цитостатикалық дәрілік заттар орталықтандырылған сұйылту кабинеттерінде (бұдан әрі – ЦДЗОСК) таратылады.

73. Ісікке қарсы дәрілік заттарды ерітуге арналған өтінімдерді әрбір пациентке клиникалық бөлімшенің дәрігері ЦДЗОСК-нің жауапты маманымен бірлесіп ұсынады.

74. Ісікке қарсы дәрілік заттар берілген өтінімдерге сәйкес сұйылтылады. Сұйылтылған дәрілік заттар бір рет қолданылатын стерильді ыдыстарға (сауыттарға, шприцтерге) оралады, таңбаланады. Сыйымдылыққа өтінімнің екінші данасы бекітіледі.

75. Сұйылтылған ісікке қарсы дәрілік заттарды клиникалық бөлімшенің мейіргері алады және тасымалдайды. Дәрілік заттарды тасымалдау контейнерлерде жүзеге асырылады.

76. Клиникалық бөлімшенің емшара мейірбикесі ісікке қарсы дәрілік затты енгізер алдында пациенттің деректерін, сауыттардағы және (немесе) шприцтердегі өтінімдер мен таңбалауды салыстырады.

77. Сәулелік терапия "бірыңғай дәрігер – сәулелік терапевт (радиациялық онколог)" қағидаты бойынша жүргізіледі, ол пациентті клиникалық жүргізуді, сәуле алды

даярлықты және сәулелік емдеуді бірыңғай дәрігер – сәулелік терапевтпен (радиациялық онкологпен) бірге жүзеге асырады.

78. Сәулелік терапияға дайындық рәсімдері сәулелендіру орындары мен қоршаған ағзалар мен тіндердің деректерін алатын арнайы рентген аппараттарында (симуляторларда, компьютерлік томографтарда) орындалады. Сондай-ақ, бұл құрылғылар компьютерлік жоспарлау жүйелеріне сәулелену орнының келесі топографиялық сипаттамаларын береді: өлшемдері, салмағы, бағыты және кейінгі дозиметриялық есептеулер үшін қажетті қосымша ақпарат.

79. Сәулелік терапияға арналған жабдықтың үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету және сапасын бақылау, фантомдық өлшеулердің көмегімен сәулелену жоспарларын верификациялау мақсатында сәулелік терапияға арналған күрделі жабдық болған кезде сәулелік терапияны физикалық-техникалық қамтамасыз ету қызметі немесе сәулелік терапияға арналған жабдыққа қызмет көрсету жөніндегі медициналық физиктер мен инженерлер тобы құрылады.

3-параграф. Стационарды алмастыратын жағдайларда онкологиялық көмек көрсету тәртібі

80. Стационарды алмастыратын жағдайларда ҚІ бар пациенттерге химиотерапия, сәулелік терапия, паллиативтік медициналық көмек, медициналық оңалту бөлімшелерінде қайталама және үшінші деңгейлерде онкологиялық көмек көрсететін ұйымдарда тұрақты дәрігерлік бақылауды талап етпейтін жағдайларда ісікке қарсы терапия, сәулелік және Радионуклидтік терапия, паллиативтік медициналық көмек жүргізіледі.

81. Стационарды алмастыратын жағдайларда медициналық көмек МДТ ұсынымдарын ескере отырып, осы пациентті емдеу үшін қажетті зертханалық, аспаптық зерттеулердің және бейінді мамандардың консультацияларының нәтижелерімен онкологтың жолдамасы бойынша екінші және үшінші деңгейдегі онкологиялық ұйымда көрсетіледі.

82. Амбулаториялық ісікке қарсы ем жүргізу стационарды алмастыратын жағдайларда медициналық қызмет көрсетуге жатады.

83. МДТ шешімі бойынша амбулаториялық ісікке қарсы терапия онкологиялық көмек көрсететін ұйымның амбулаториялық химиотерапия кабинетінде (бұдан әрі – АХК), амбулаториялық химиотерапия бөлімшесінде немесе орталығында, онкологиялық көмек көрсететін ұйымның химиотерапия бөлімшесінде тұрақты дәрігерлік бақылауды талап етпейтін емдеу режимі кезінде жүргізіледі.

84. Амбулаториялық химиотерапиядан басқа, АХК мынадай функцияларды орындайды:

1) консультациялық-диагностикалық бөлімше мен онкологиялық орталықтың тәулік бойы жұмыс істейтін стационары арасында ісікке қарсы терапия алған пациенттерді медициналық бақылау сабақтастығын қамтамасыз ету;

2) стационарды алмастыратын жағдайларда ісікке қарсы дәрілік емдеу мәселелері бойынша пациенттерге консультациялық көмек көрсету;

3) пациенттерді амбулаториялық тексеруді жүргізу, оның ішінде ісікке қарсы препараттармен емдеу процесінде перифериялық қан көрсеткіштерін бақылау;

4) амбулаториялық ісікке қарсы ем нәтижелерін талдау (емдеу тиімділігі, препараттардың жанама әсерлері);

5) тұрақты дәрігерлік бақылауды талап ететін амбулаториялық ісікке қарсы терапия аясындағы асқынулары бар пациенттерді емдеуге жатқызуға жіберу;

6) ісікке қарсы дәрілік препараттарды жоспарлау, есепке алу және жұмсау.

85. Қалпына келтіру емі және оңалту бөлімшесінің немесе орталығының құрамында бас және мойын ағзалары ҚІ бар пациенттерге арналған логопедтік кабинет, стомасы бар пациенттер кабинеті ұйымдастырылады.

4-параграф. Үйде онкологиялық көмек көрсету тәртібі

86. Үйде онкологиялық көмек көрсетіледі:

1) МСАК немесе КДҚ (бастапқы деңгей) медицина қызметкері ұйымда бетпе-бет консультация беру мүмкін болмаған кезде динамикалық бақылаудағы пациентті (Іб, ІІІ клиникалық топтар) шақырған кезде;

2) жүріп-тұруы шектелген және паллиативтік медициналық көмекке мұқтаж, оның ішінде қашықтықтан медициналық көрсетілетін қызметтерді пайдалана отырып, ҚІ бар пациенттерге аурудың өршуінен тыс бару тәртібімен мобильді бригаданы шақыру кезінде;

3) стационардан шығарылған немесе жедел медициналық жәрдем станциясынан активтерді беру кезінде ауыр жағдайдағы ҚІ бар пациенттерді белсенді патронаж нысанында;

4) ІV клиникалық тобы бар пациенттерге үйде (үйдегі стационарда) емдеуді ұйымдастыру кезінде.

5-параграф. Санаторийлік-курорттық ұйымдарда қатерлі ісіктерімен ауыратын пациенттерді оңалту тәртібі

87. Қатерлі ісіктері бар пациенттерді оңалту "Медициналық оңалту көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 7 қазандағы № ҚР ДСМ-116/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21381 болып тіркелген) сәйкес жүзеге асырылады және клиникалық хаттамаларға сәйкес жүзеге асырылады.

6-параграф. Қатерлі ісіктерімен ауыратын пациенттерге паллиативтік медициналық көмек көрсету тәртібі

88. Медициналық көмектің қолжетімділігін арттыру мақсатында "Жылжымалы медициналық кешендер мен медициналық поездар арқылы медициналық көмек көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 8 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-241/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21745 болып тіркелген) сәйкес телемедициналық консультация беру (қашықтықтан медициналық көрсетілетін қызметтер), сондай-ақ жылжымалы медициналық кешендер мен медициналық поездар мүмкіндіктері пайдаланылады.

7 - параграф. Қатерлі ісіктері бар пациенттерге паллиативтік медициналық көмек көрсету тәртібі

89. Онкологиялық науқастарға паллиативтік медициналық көмек "Қазақстан Республикасында ересек халыққа паллиативтік медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 27 қарашадағы № ҚР ДСМ-209/2020 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21687 болып тіркелген) бекітілген паллиативтік медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартына сәйкес және клиникалық хаттамаларға сәйкес көрсетіледі.

Ескерту. 89-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 18.12.2025 № 166 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

90. Онкологиялық көмек көрсететін ұйымдар қызметкерлерінің Штаттары "Өңірлерді медицина қызметкерлерімен қамтамасыз етудің ең төменгі нормативтерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 25 қарашадағы № ҚР ДСМ-205/2020 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген № 21679 болып тіркелген) бекітілген өңірлерді медицина қызметкерлерімен қамтамасыз етудің ең төменгі нормативтеріне сәйкес белгіленеді.

91. Онкологиялық көмек көрсететін ұйымдарды медициналық бұйымдармен жарақтандыру "Денсаулық сақтау ұйымдарын медициналық бұйымдармен жарақтандырудың ең төмен стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 29 қазандағы № ҚР ДСМ-167/2020 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21560 болып тіркелген) бекітілген Денсаулық сақтау ұйымдарын медициналық бұйымдармен жарақтандырудың ең төмен стандарттарына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының
халқына онкологиялық көмек
көрсетуді ұйымдастыру
стандартына
1-қосымша

Осы стандартпен реттелетін қатерлі ісіктердің тізбесі (бұдан әрі – Тізбе)

№	Сырқат	Аурулар мен денсаулыққа байланысты проблемалардың халықаралық статистикалық жіктемесінің кодтары (АХЖ-10)
1.	Лимфоидты, қан өндіру және оларға ұқсас тіндердің ісіктерін қоспағанда, бастапқы немесе болжамды бастапқы деп белгіленген анықталған орындардағы қатерлі ісіктер	C00-C75
2.	Дәл белгіленбеген, қайталама және анықталмаған орындардағы қатерлі ісіктер	C76-C80
3.	In situ ісіктері	D00-D09
4.	Белгіленбеген, қайталама және анықталмаған орындардағы қатерлі ісіктер	D37-D48
5.	Дербес (бастапқы) көптеген окшаулаудың қатерлі ісіктер	C97-C97

*Ескертпе: осы Тізбе түпкілікті болып табылмайды.

Қазақстан Республикасының
халқына онкологиялық көмек
көрсетуді ұйымдастыру
стандартына
2-қосымша

А4 форматы Формат А4		КҰЖЖ бойынша ұйым коды _____
Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Министерство здравоохранения Республики Казахстан		БСН бойынша ұйым коды _____ Код организации по ОКПО _____
Ұйымның атауы Наименование организации		Код организации по БИН _____

Мультидисциплинарлық топтың (МДТ) қорытындысы* Заключение мультидисциплинарной группы (МДГ)*

1) Комиссия төрағасының Т.А.Ә. (бар болса) _____ маман дәрігер _____

ФИО (при его наличии) Председатель комиссии специалист

2) комиссия мүшесі Т.А.Ә. (бар болса) _____ маман дәрігер _____

ФИО (при его наличии) член комиссии специалист

3) комиссия мүшесі Т.А.Ә. (бар болса) _____ маман дәрігер _____

—
ФИО (при его наличии) член комиссии специалист

4) комиссия мүшесі Т.А.Ә. (бар болса) _____ маман дәрігер _____

—
ФИО (при его наличии) член комиссии специалист

5) комиссия мүшесі Т.А.Ә. (бар болса) _____ маман дәрігер _____

—
ФИО (при его наличии) член комиссии специалист

Науқастың стационарлық медициналық картасының № (амбулаториялық науқастың)
(№ медицинской карты стационарного пациента (амбулаторного пациента)) _____

—
1. Қай медициналық ұйымда толтырылды (Составлено медицинской организацией _

—
(атауы мен орналасқан жері)

—
(название и ее местонахождение)

2. Пациенттің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) (Фамилия, имя, отчество (при его
наличии) пациента)

—
3. Жасы (Возраст) _____

4. Жынысы (Пол) Е (М) Ә (Ж) - _____

5. Науқастың тұрақты мекенжайы (Адрес постоянного местожительства пациента) _

—
6. МДТ жолдамасы бойынша диагноз (Диагноз при направлении на МДГ) _____

—
7. Сатысы (Стадия) _____

8. Аурудың анамнезі (Анамнез заболевания) _____

9. Зерттеу әдістері мен олардың нәтижесі (Методы исследования и их результаты)

10. Жүргізілген ем (Проведенное лечение)

11. Науқастың жағдайы (общее состояние)

12. Қосымша ескертулер (Дополнительные замечания)

13. Осы жағдайды талқылау туралы деректер, МДТ ұсыну себебі (Данные о разборе настоящего случая, причина вынесения на МДГ)

14. Қорытынды МДТ (Заключение МДГ) _____

Диагноз _____

1) Қосымша емтихан ұсынылады (Рекомендовано дообследование - виды КДУ)

2) Ұсынылатын мамандандырылған ем: хирургия, сәулелік терапия, дәрілік терапия, аралас емдеу, кешенді емдеу, химиорадиация емдеу (Рекомендовано специализированное лечение: хирургическое, лучевая терапия, лекарственное лечение, комбинированное лечение, комплексное лечение, химиолучевое лечение)

3) Клиникалық топқа сәйкес бақылау ұсынылады (Рекомендовано динамическое наблюдение, согласно клинической группе (Iб), (II), (III))

4) Симптоматикалық ем ұсынылады (IV клиникалық топ) (Рекомендовано симптоматическое лечение (IV клиническая группа))

—
—
— МДТ қорытындысын жасайтын дәрігердің қолы (Подпись врача, составляющего заключение МДГ) _____

— Медициналық ұйым басшысының қолы (Подпись председателя МДГ) _____

— Хаттаманың толтырылған күні (Дата составления заключения)

20__ жылғы (года) "_____" _____

Қазақстан Республикасының
халқына онкологиялық көмек
көрсетуді ұйымдастыру
стандартына
3-қосымша

Қатерлі ісікке күдік туындаған және (немесе) онкологиялық процесс өршіген кезде пациентті медициналық-санитариялық алғашқы көмек ұйымының жалпы практика дәрігері, консультациялық-диагностикалық көмек ұйымының маман дәрігері қарап-тексеру тәртібі

1. Онкологиядағы этика және деонтология қағидаттары.

Дәрігердің пациентпен қарым-қатынасы онкологиядағы деонтология қағидаттарының негізінде құрылады:

науқастың психикалық денсаулығын барынша қорғау;

катерлі ісігі (бұдан әрі – ҚІ) бар әрбір пациенттің емделуге құқығы бар.

